«8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылып отырған Сейсенқұл Өміржанның «ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Зерттеу жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламалар мен стратегия талаптарына сәйкес келеді: - Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); - Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы т.б.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3)**Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын**	Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сәйкес келеді.

		көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыста зерттеу нәтижесі бойынша тақырыптың маңыздылығы айқындалып, зерттеу тақырыбы толықтай ашылған. Абай мұрасы тұтас ұлтқа мәңгілік рухани азық болатын баға жетпес сарқылмас байлық екені анық. Зерттеу жұмысында Абай шығармашылығын, ұлы тұлғаның даналық болмысын ҚХР-дағы қазақ жұртының танып-білуі ұлттық руханияттың өркен жаюымен бірге, екі елдегі қазақ ұлты өкілдерінің рухани-мәдени сабақтастығының өзара байланысын қарастырады. Қытай қазақтары Абай шығармашылығымен өткен ғасырдың бастапқы кезеңінен танысып, өздерінің рухани өміріне арқау етіп, әлеуметтік-мәдени көзқарастары мен ұстанымдарының қалыптасуына тірек етіп келе жатқаны белгілі. Абай шығармалары мен оның әлеуметтік ой таным жүйесінің екі елдегі бір ұлтқа екі түрлі жолмен тараганы туралы зерттеуде талданады. Сондықтан да бұл тақырып Абай мұрасын зерттеудегі өткір мәселенің бірі. Диссертациялық жұмыс тақырыбы өзекті, сондықтан да ғылымға *өз* үлесін қосады деуге негіз бар.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу принципі бойынша жазу деңгейі жоғары. Себебі: а) Ізденуші зерттеуге алған мәселелерді дұрыс жүйелей білген; ә) Зерттеу жұмысында барлық академиялық жазу қағидалары орындалып, стильдік ерекшеліктер мен талаптар қатаң сақталған; б) осы мәселемен тікелей айналысып, теориялық еңбектер жазған ҚХР және қазақстандық ғалымдар еңбегімен мейлінше толық танысқан т.б.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда ішкі бірлік принципі сақталған. Зерттеу жұмысы онда қойылған зерттеу мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруда алынған нәтижелердің ішкі бірлігі бар, логикалық сабақтастық сақталған, аяқталған жұмыс болып табылады. Диссертант диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігін ашу үшін ғылыми жұмысты негізгі төрт тарауға, әр тарау тараушаларға бөлініп қарастырылған. Зерттеу жұмысында Абай Құнанбайұлы

			шығармаларының қытай қазақтары арасында таралуы мен ондағы қаламгерлердің шығармашылығына әсері, ақын шығармаларының баспадан жарық көру кезеңдері, ақынның өзі өмір сүрген кезеңнен бастап, бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы қытай қазақтары әдебиетіндегі Абайдың рөлі нақты деректер мен зерттеу еңбектер және аудармалар негізінде сараланған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды **1) айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Зерттеудің мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Зерттеуші Сейсенқұл Өміржан тақырыпты ашу үшін кешенді ғылыми-зерттеу жүргізіп, тақырыпқа қатысты материалдарды мүмкіндігінше толық қамтыған. Зерттеуде ғылыми тұжырымдар нақты мәтіндер арқылы дәйектелген, алынған нәтижелер зерттеу тақырыбына сай.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2)жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыс мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Зерттеудің негізгі мақсатына: Абай мұрасының Қытай қазақтарына жету жолдары мен Абай шығармашылығының ондағы қазақ руханиятының өрлеуіне қосқан үлесін саралай отыра Абайдың руханияттық мұрасының зерттелуіне талдау жасау арқылы Абайдың даналық танымының ұлттық рухани ой-сананың дамуына тигізген әсері мен көшбасшылық рөлін анықтау,-деп көрсетеді. Осы мақсатқа жету үшін зерттеуші өзіне 5 **міндет** қояды. Зерттеудің міндеттері мазмұнмен толық үндеседі. Диссертант зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттерге толығымен жеткен.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен жалпы құрылымында логикалық байланыс сақталған. Диссертация мазмұны кіріспе, негізгі төрт бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысының құрылымы алға қойылған міндеттерге сәйкес жүйеленген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп,	Диссертант ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, сыни

		бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	талдаулар жасаған. Ізденуші бұған дейін жазылған еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар ұсынуында сыни талдауы анық көрінеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Сейсенқұл Өміржанның диссертациялық жұмысында алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар біршама жаңа. Бұл жұмыс **«ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы»** көркемдік-эстетикалық ізденістерді арнайы нысан еткен алғашқы докторлық диссертация болғандықтан, зерттеу жұмыс тақырыбы өзекті және зерттеу нәтижелері жаңа деп айтуға негіз бар. Бүгінге дейін қазақ әдебиеттану ғылымында және ҚХР аталған тақырыпқа жақындау Досжанұлы Б. «Ұлы ақын Абай», Мазан Е., Сіламжан Е. «Абай шығармаларының қытай еліне таралуы мен зерттеуі», Қалииұлы Ә. «Абай поэмасы Қытайда» тақырыптарында ғылыми мақалалар мен зерттеулер деңгейінде қарастырған болатын. Диссертациялық жұмыс деңгейінде алғаш рет зерттелініп отыр. Бұл зерттеуде диссертант Абай мұрасының Қытай қазақтарына алғашқы жету жолдарын айқындайды. Абай мұрасының Қытайда алғаш рет баспасөз беттерінде жарық көру жолдарына тоқталады. Сонымен қатар Абай мұрасының ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуындағы орны мен ықпалын анықтауға тырысады. Қазақ руханиятының дамуына үлес қосқан Абайдың рухани мұрасының зерттелуіне хронологиялық талдау жасайды. Салыстырмалы әдебиеттану тұрғысынан әртүрлі тарихи және мәдени ортадан шыққан үш ұлы ойшыл мен жазушы – Абай Құнанбаев, Конфуций және Лу Сюннің ой өзегі, жазу стилі және қоғамға ықпалы салыстырыла отырып, мысалдармен дәлелденеді. Сондықтан да ғылыми нәтижелер мен ережелерді жаңа деп айтуға болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Диссертант зерттеу барысында бұл тақырып бойынша әдебиеттану

		1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (жаңасы 25% кем)	ғылымында зерттеліп, зерделенген ғылыми жұмыстарымен жеткілікті деңгейде танысқан. Зерттеуші жұмыс соңында бәрін жинақтап бірнеше (4 тараудың қорытындысы бар) қорытынды береді. Диссертацияның негізгі қорытындылары деп Абай Құнанбайұлы шығармаларының қытай тіліне тәржімалануы, бұл процеске атсалысқан аудармашылардың еңбектері мен шығармалардың аударылу кезеңдері жүйеленіп қарастырылуын, Қытай Халық Республикасындағы қазақ әдебиетінің таралуына әсер еткен ұлтаралық байланыстардың әдеби негіздегі аспектілерді, зерттеу барысында қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылу үдерісі тарихи кезеңдерге сәйкес хронологиялық ретпен талдануын ерекше атап өтуге болады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (жаңасы 25% кем)	Диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген деп есептеймін. Диссертация тақырыбында зерттеліп, оның практикалық нәтижелерін білім беру үдерісінде, ғылыми зерттеулерде пайдалануға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Оған диссертанттың зерттеу нәтижесінде алған тұжырымдамалары дәлел. Qualitative research ұстанымдары тұрғысынан диссертациялық жұмыстың орындалуы, жазылу деңгейін жақсы деп бағалауға болады. Бірақ, диссертацияда зерттеу барысында алынған нәтижелер мен қорытындылар тірек сөздер мен сызба, кестелер арқылы рәсімделмеген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді;	7.1 Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген. 7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа. 7.4 Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5 Ғылыми ізденіс барысында отандық және шетелдік басылымдарда, түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және

		4) дәлелденбеді 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ** 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) кең** 4) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.5Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	тәжірибелік конференцияларда баяндамалар жасаған. Соның негізінде 12 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде скопус (Scopus) базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала, ҚР БҒССҚК бекіткен тізімге енетін журналдарда 5 мақала, отандық, шетелдік халықаралық конференция басылымында 6 мақала жариялайды. Барлық мақалалар диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған **1) ия;** 2) жоқ	Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Диссертациялық жұмыста зерттеу мақсатына сай бірқатар ғылыми әдістер кешені орынды әрі тиімді қолданылған. Әсіресе, салыстыра талдау, саралау, жүйелеу сынды жалпы ғылыми әдістемелік ұстанымдарды жиі байқауға болады.

		8.2Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері цифрлық технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **1) ия;** 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған**/ішінара	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Сілтемелер нақты, жүйелі жасалған. Диссертацияда: 1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш

		расталған/расталмаған	томдық. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2020. – 604 б. 2. Арабиын Қ. Абайға мадақ // Алқап. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 1988. – Б. 81. 3. Бөкейхан Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбаев, – Алматы: Атамұра, 1995. – 308 б. 4. Тұрысбек Р. Әлихан Бөкейхан һәм Абайтану әлемі. – Семей: Ғалам-Шар, 2005. – 4 б. 5. Бөкейхан Ә. Кәкітай // Қазақ. – 1915. – № 105. – Б. 32. 6. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // Қазақ. – 1913. – № 40. – Б. 43. 7. Әштарұлы С. Аға сұлтан Құнанбай. – Құлжа: Іле халық баспасы. 2006. – 9 б. 8. Қалиұлы А. Абай поэзиясы Қытайда // Абай парасаты. – Құлжа: Іле халық баспасы. – 1995. 2-140 б. 9. Манжыбаев Қ. Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер. – Үрімжі: Шинжияң халық баспасы, 2009. – 93 б. 10. Қалииұлы Ә. Абай поэмасы Қытайда. – Күйтің: Іле халық баспасы, 1995. – 45 б. т.б. Абай Құнанбайұлы шығармашылығына қатысты отандық, шетелдік және ҚХР осы саладағы ғалымдар мен зерттеушілердің сілтемелері арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті** /жеткіліксіз	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Жұмыста ізденушінің 100 жуық ғылыми-теориялық еңбек қарастырғаны көрсетілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Әдебиеттану ғылымында Абай Құнанбайұлының рухани мұрасы мен шығармашылығы туралы зерттеулер бұған дейін де жүргізілген, бұдан кейін де белсенді жүргізіле береді. Зерттеуде назарға алынған ҚХР-дағы қазақ қоғамындағы ақын шығармаларының таралуы, оның аударылуы және баспадан басылуы - жұмыстың теориялық маңызын анықтайды. Біріншіден, тарихи дерек негізінде ақын шығармаларының қытай қазақтары ортасында таралу кезеңін жүйелейді. Екіншіден, аталмыш әдеби

			шығармалардың ҚХР-да таралуын бақылап, олардың аударылуын тарихи-салыстырмалы тұрғыда зерттейді. Үшіншіден, Абай дәстүрін жалғастырушы жаңа есімдерді анықтап, олардың шығармаларын поэтикалық және құрылымдық негізде талдауға мүмкіндік береді, жаңа стильдік ерекшеліктер мен тілдік айшықтар теориялық тұрғыда тұжырымдалады. Зерттеу жұмысының нәтижелері әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелерді теориялық сипатта тұжырымдап, қазақ әдебиеті негізінде дәйектеуге мүмкіндік береді. Әдебиеттану саласындағы заманауи зерттеулерде мәселенің дереккөзі және дәлелді базасы бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы мен алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін «Абайтану», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы», «Әдебиет поэтикасы» сынды негізгі және арнаулы курстарында, тәжірибелік сабақтарда оқу материалы ретінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2)ішінара жаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3)жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтатыны анық.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс барлық академиялық жазу мен рәсімдеу талаптарына сәйкес келеді. Жазу сапасы **жоғары**. Сейсенқұл Өміржанның «8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылып отырған «ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ талаптары сақталған.

11	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның кей жерлерінде техникалық және орфограифялық қателіктер кездеседі. Сондай-ақ әдебиеттер тізімін рәсімдеуде кейбір кемшіліктер байқалады. Диссертациялық жұмыста зерттеу барысында алынған нәтижелер мен қорытындылар тірек сөздер мен сызба, кестелер арқылы рәсімделгенде жұмыстың сапасы арта түсер еді деп есептеймін. Алайда, бұл көрсетілген ескертулер диссертациялық жұмыстың жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді деп ойлаймыз.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысы барысында 12 ғылыми мақала жарық көрген. Оның ішінде скопус (Scopus) базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда - 1 мақала, ҚР БҒССҚК бекіткен тізімге енетін журналдарда 5 мақала, отандық, шетелдік халықаралық конференция басылымында 6 мақала. Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылып отырған Сейсенқұл Өміржанның «ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:
Абай атындағы ҚазҰПУ,
академик С. Қирабаев атындағы
қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі
кафедрасының аға оқытушысы, PhD



Найманбаев А.Ә.